



**БҰЙРЫҚ**

*13-05-2023*

Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *80-к/ч*

город Шымкент

**Сыбайлас жемқорлықтың  
алдын алу туралы**

Шымкент қаласының білім басқармасы ММ-нің 2023 жылғы 18 мамырдағы №226 хатына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бөлім менгерушілері, пәндік бірлестіктерінің төрағалары қажеттілігі үшін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесі бойынша оқытушылар арасында Шымкент қаласының білім басқармасы ММ-нің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 226 хаты бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ай сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиналыстар тұрақты түрде ұйымдастырылсын.

2. Жиналыстарда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 51-бабының 7,8 тармақтарына сәйкес педагог өз қызметінде педагогтік әдеп қағидаларын сақтауға, білім алушылардың, олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті екендігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

3. 2022-2023 оқу жылының аяқталуына орай барлық колледж қызметкерлері мен оқытушыларға бітіру кештерін ұйымдастыруына, колледжде түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс-шараларға, оқу орынға қажетті кеңсе заттары мен шаруашылық заттарын сатып алу, мерекелік іс-шараларға студенттерден ақша жинау және тағы басқа мақсатта ата-аналардан, ата-аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесі қатаң түрде тыйым салынғаны қайта ескертілсін.

4. Барлық колледж қызметкерлері мен оқытушыларға, жатақхана қызметкерлеріне студенттерден ақша жинамауын Қазақстан

Республикасының «Білім туралы» Заңының 63 бабын басшылыққа ала отырып, қатаң ескертемін.

5. Колледж бітіруші топтардың жетекшілері әр оқу тобының ата-аналар кеңесінің төрағаларымен бірлесе отырып, мерекелік іс-шараларға студенттерден қаржы жинау немесе заттай жинау мәселесін, авто шерулер, кешкі мезгілде мейрамханаларда тойлауды болдырмау мақсатында үгіт насихат жұмыстарын жүргізісін.

6. Колледжде түрлі себептермен мерекелік іс-шараларға ата-аналар комитеті арқылы қаржы жинауға қатаң түрде тиым салынсын.

7. Колледж жастар комитетінің инспекторы Д.Сайлау, педагог-ұйымдастырушысы М.Нұрымбетова, бөлім меңгерушісі А.Изтилеуова «Саналы ұрпақ» клубының белсенді студенттерінің қатысуымен Шымкент қаласының білім басқармасы ММ-нің 2023 жылғы 18 мамырдағы №266 хаты бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырсын.

8. Топ жетекшілері осы бұйрық бойынша ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізісін.

9. Колледж әдіскерлері педагог қызметкерлердің біліктілігін көтеру мақсатында аттестаттаудан өткізуге және марапаттауға (педагогикалық кеңес шешімі және кәсіподақ комитетінің ұсынысы негізінде) байланысты сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді қатаң қадағаласын.

10. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының Әдеп кодексінің ережелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұрыштар жасақталып, колледждің кіре берісіндегі (фойе) арнайы тақтайшаларға сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу туралы плакаттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің тәулік бойы жұмыс істейтін **1424 Call – орталығы**, ҚР Бас прокуратурасының **115 Call – орталығы**, Шымкент қаласы білім басқармасының **8 (7252)39-49-26 Call – орталығының** номерлері көрсетілген хабарламалар ілініп, бейне көрсетілімдер тұрақты қойылсын және мекеменің штаттық кестесіне сәйкес барлық қызметкерлер туралы мәліметті ашық жариялау басшылыққа алынсын.

11. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының басқа да талаптары және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментімен бірлескен жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша кешенді жоспарына сәйкес білім беру ұйымдарында арнайы іс-шаралар жоспары құрылып, мерзімінде орындалуы жүзеге асырылсын.

12. Осы бұйрықтың көшірмесі колледждің барлық қызметкерлеріне, жатақхана қызметкерлері таныстырылып, көрінетін орынға ілінсін.

13. Сыбайлас жемқорлыққа жол берген жағдайда өмір бойы мемлекеттік қызметте және мемлекеттік мекемеде басшылық лауазыммен айналысу құқығынан айырылып, елеулі мөлшерде айппұл немесе бас бостағынан айыру жазасына сотты болатындығы туралы арнайы ескерту

парағымен таныстырылып, әр қызметкердің қолымен куәлендіруді тапсырамын.

14. Осы бұйрықтың талаптарын орындау және жүзеге асыру колледждің барлық бөлім меңгерушілері және пәндік бірлестіктерінің төрағаларына жүктелсін.

15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және болдырмау жауапкершілігі колледж директорының орынбасарлары Ф.Мустафинге, Ж.Садыковаға, А.Бековке, Д.Тұраровқа жүктелсін.

Директор

А. Искаков

КЕЛІСІЛГЕН

Директордың оқу ісі,  
жөніндегі орынбасары

Ф. Мустафин

Бұйрықпен таныстым:

А. Беков

Д.Тұраров

Ж.Садыкова

Ж.Матиев

А.Бегжанов

Ж.Қодар

Б.Шерипбеков

Е.Досжанов